



Сыр бойы

№63
(20536)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

25 сәуір, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



БАЙЛАНЫСТАРҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Чехия Республикасының Премьер-министрі Петр Фиаланы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Петр Фиаланың елімізге жасаған алғашқы ресми сапары екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

— Сіз елімізге үлкен бизнес-делегация алып келдіңіз. Екі ел арасындағы іскерлік байланыстар мен ынтымақтастықты ілгерілетуге пайдасы өте зор бизнес-форум өтеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Чехия Президенті лауазымына сайланған Петр Павелге құттықтауын жолдады.

Кездесу барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты, соның ішінде көлік-логистика саласын нығайту перспективаларына баса мән берілді. Президент чех инвесторларына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін айтты.

— Чехия Республикасынан энергетика, машина жасау, көлік, ауыл шаруашылығы, қаржы, медицина өнеркәсібі және фармацевтика секілді экономиканың түрлі салаларына құйылатын инвестицияны құптаймыз. Сондай-ақ елдеріміздің астаналары арасында тікелей әуе қатынасын ашамыз деп сенеміз, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Петр Фиала Чехияның елімізбен арадағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниетті екенін растады.

— Чехия Республикасы Қазақстанмен бұрыннан достық қарым-қатынас орнатқан және оны жалғастырамыз деп сенеміз. Осы кездесудің белсенді байланыстарға тың серпін береді деп үміттенемін. Қазақстан — біз үшін өте маңызды серіктес. Қазақстан мен Чехия Республикасының ынтымақтастығы Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынастардың аса маңызды тірегінің бірі саналады, — деді Чехия Премьер-министрі.

СЕССИЯ

АГРАРЛЫҚ САЛАДА ӨСІМ ДЕ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ ДЕ БАР



Кеше VIII сайланған облыстық мәслихаттың кезекті екінші сессиясы болып өтті. Сессияға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма, салалық мекемелер басшылары қатысты.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Күн тәртібінде барлығы 15 мәселе қаралды. Депутаттар алдымен облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға байланысты дауыс берді. Бұл жөнінде облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында кеңінен тоқталып өткен болатын.

Аймақтың агроөнеркәсіп саласы тұрақты дамып келеді. Оған мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар өз септігін тигізді. Былтыр аталған саладағы жалпы өнім 178,1 млрд теңгені құралады. Ол алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,8 пайызға артық. Тамақ өнімдерін өндіруде де өсім бар. Негізгі капиталға салынған инвестиция 9,9 млрд теңгеге жетті.

Облыстың егіншілік мәдениеті түгелдей суармалы жүйеге бейімделген. Былтыр өңірде 188,5 мың гектар алпаққа ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Ол 2020 жылмен салыстырғанда 4,2 мың гектарға артық.

Жылма-жыл кездесіп жүрген су ташшылығына байланысты әртараптандыру бағытында нәтижелі жұмыстар қолға алынды. Қазір өнімділікті арттыру жағдайына көңіл бөлініп отыр. Нәтижесінде күріш көлемін сақтай отырып, өнім деңгейі 2,2 центнерге артып, Әртараптандыру бағытында майлы, азықтық, картоп, көкөніс-бақша дақылдарын өндірістік негізде ұлғайту жұмыстары жүргізілуде. Агроөнеркәсіп кешені бойынша 2020-2022 жыл-

дар аралығында 4,5 млрд теңгенің 32 инвестициялық жобасы іске қосылды.

Облыстың агроөнеркәсіп кешенінде әлі де шешімін таппаған проблемалар бар. Картоп, көкөніс-бақша дақылдарын өндірістік негізде өсіру көлемі ойдағыдай емес. Оған қоса көпжылдық жеміс ағашы мен жүзім өсіру кемшін түсіп тұр. Олардың барлығы дерлік қатардағы тұқыммен егіліп келеді. Бұл өнімділіктің төмендеуіне және сапасының нашарлауына әсер етуде. Сондай-ақ, Қызылорда қаласы мен аудандарда күріш пен сүттен өзге өнімдерді өндіретін кәсіпорындар жоқ. Олардың өнімі халықаралық стандарттарға сәйкес келе бермейді. Кейбір толық қуатында жұмыс жасауға қауқарсыз. Жылжымай шаруашылығының дамуы өз деңгейінде емес.

Баяндамадан соң облыстық мәслихат депутаттары өз ұсыныс-пікірін жеткізді. Атап айтқанда, Аманжол Оңғарбаев, Жорабек Нұрымбетов, Мақсұт Нәлібаев сүт және ет өндірісі бағытында алынатын малдың кімге және қандай шартпен берілетінін сұрап, жайылымдық жерлерді егістік жерлерге ауыстыру жөнінде комиссия құру туралы пікірін білдірді. Сондай-ақ, шағын шаруа қожалықтарын біріктіру, су пайдаланушылар кооперативін құру, скважиналарға инвентаризация жасау жөнінде ұсынысын айтты. Ал Бақдәулет Мақашев шаруашылықтарға, егінге бөлінетін жанар-жағармайдың квотасын көбейту, Әмірбек Шаймағамбетов Жалағаш ауданына қарасты Жанадрия, Қаракеткен және Акқырелді мекемдерінде күріштен өзге дақылдарды егуге назар аудару қажеттігіне тоқталды.

2-бет

АКТИВ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен облыс активінің отырысында әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне арналған кеңейтілген мәжілісте Мемлекет басшысы айқындаған экономикалық дамудың сегіз бағыты бойынша мақсат-міндеттер талқыланды. Облыс әкімі аталған шаралардың түпкі нәтижесі және басты міндеттер туралы баяндады.

СЕГІЗ БАҒЫТТЫҢ САЛМАҚТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ АКТИВ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Мемлекет басшысы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелері бойынша кеңейтілген мәжілісте экономикалық дамудың сегіз бағытын айқындап берді. Осы міндеттерді іске асыру үшін біз нақты шараларды қабылдауымыз қажет. Бұл шаралардың түпкі нәтижесі — тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, халық табысын ұлғайту және жана жұмыс орындарын ашу, инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жаңғырту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алами капиталдың жан-жақты дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту.

Ендігі кезекте осы міндеттерге тоқталып өтсем.

Ең бірінші, Мемлекет басшысы азық-түлік тауарларын өндіру мен баға тұрақтылығына тоқталды. Елімізде өндірілетін ауыл шаруашылығы тауарларын ішкі сұранысты толық қамтамасыз етпейтіндіктен тұрақтандыру қорларымен азық-түлік корпорациясының жұмысын күшейтуді тапсырды. Үкімет биылғы жылдың қорытындысымен республика бойынша жалпы инфляция деңгейін 2 есеге төмендету міндетін қойды. Азық-түлік тауарларына негізсіз баға өсу фактілері орын алған жағдайда баға делдалдық сұрауға тізбектерді тексеру жөніндегі өңірлік комиссия дер кезінде тиісті шаралар қолдануы керек. Өзімізде жанадан көкөніс сақтайтын қоймалар құрылысын жүргізіп, тиімді сауда-логистикалық инфрақұрылым құруымыз керек.

Халқымыз «қыс азығын жаз ойла» деген. Қазіргі таңда көкөніс сақтауға өңірмізде тек Жанакорған ауданында сыйымдылығы 2500 тонна болатын «Жан-Арай» жеміс сақтау қоймасы бар агроиндустриалды кешен іске қосылған. Ағымдағы жылы «Агау Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда қаласында жалпы сыйымдылығы 4000 тонналық көкөніс сақтау қоймасының құрылысы басталып, жыл аяғына дейін іске қосу жоспарлануда. 2025 жылға дейін облыс бойынша көкөніс сақтау қуаттылықтарын 21 мың тоннаға дейін жеткізіміз керек. Ауыл шаруашылығындағы инвестициялық субсидиялау тәртібіне сәйкес 1,0 мың тоннадан басталатын картоп-көкөніс сақтау орындарын салу, кеңейту шығындарының 50% үлесін мемлекеттен өтеу қарастырылған. Бұл — үлкен мүмкіндік.

Азық-түлік бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз ету үшін әр аудандан кемінде бір өнім сақтайтын қойма салуды тапсырған болатынмын. Алайда, әкімдер бұл жұмысқа бейжай қарауда. Осыған орай, қала және аудан әкімдері жоспарды орындауды қамтамасыз ету үшін біз нақты шараларды тарту бағытында бастама болып (сүйемелдеушілік жасап), нақты шаралар қабылдауы тиіс. Әкімдік тарапынан инвесторға барлық мемлекеттік мүмкіндіктер (жер бөлу, инженерлік инфрақұрылым жүргізу) болатын жұмыстарды үйлестіріп, парламенті шараларды атқаруды тапсырамын. Бұл жұмыстарға депутаттар да белсенді араласуы тиіс деп ойлаймын.

Менің тапсырмаммен қала және аудан көлемінде жергілікті тұрғындарды көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында маусымдық жер беру тәжірибесі енгізілді. Бүгінде Қызылорда қаласы мен аудандар бойынша егін егуге ынта білдірген 6485 тұрғынға барлығы 3255,4 гектар егістік жерлер нақтыланды. Ендігі кезекте қала және аудан әкімдері егісті суаруға қажетті барлық жұмысты ұйымдастырып, насос қондырғыларын, егістікті қоршау жұмыстарын жүргізуі керек. Қажет болса, тасымалдау жұмыстарын үйлестіріңіздер. Бұл шаралар да азық-түлік бағасын тұрақтандыруға өз септігін тигізеді.

(Анықтама ретінде: нақтыланған егістік жерлерге егін егуге ынта білдірген облыстың 137 кент және ауылдық елді мекендерінде тұратын 4311 отбасының тізімдері жасалынып).

Екінші бағытта Мемлекет басшысы шағын және орта бизнестің қолжетімді банктік несиелеу аумағынан әлі де тыс қалып жатқанын айтты. Шағын және орта бизнесті қолдауға, дамытуға Өңірлік қаржы институттарына біз бюджеттен тұрақты қаржы бөледіміз. Биылғы жылы облыста кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден 22 млрд теңгеге жуық қаржы қаралған. Бұның бәрі — мемлекеттің жасап жатқан қолдау шаралары. Бұл қаржыларды бөлуде бірінші кезекте халық тұтынатын тауарларға және ішкі нарықты қамтамасыз ететін өндірістер ашуға бағыттау керек. Ең алдымен, пайда әкелетін бизнеске, яғни, жана жұмыс орындарын құратын тиімді жобаларға беру қажет. Облыстық кәсіпкерлік және өнер-

кәсіп басқармасына осы жұмыстарды тиімді ұйымдастыруды тапсырамын.

Үшінші бағытта Мемлекет басшысы макроэкономикалық саясатты өте байыпты жүргізу керектігін атап өтті.

Өңірде макроэкономикалық жағдай тұрақты. Мұнайдың сарқылуына байланысты жалпы өнеркәсіп өндірісі жыл сайын төмендеуде. Бұл біздің мұнай өндірісіне әлі де тәуелділігімізді дәлелдеуде.

Өткен жылы Арал шөгінді бассейнінің «Батыс» және «Шығыс» учаскелерінде жер қойнауын өңірлік геологиялық зерттеу жұмыстары басталды. Облыста металлургия саласында «Шалқия» және «Баласауысқандық» кен орындарын итеру жобалары жүзеге асырылуда. Осы 2 жоба аясында корғасын және мырыш, ванадий концентраттары етулі және кәсіпкерлерді тарту бағытында бастама болып (сүйемелдеушілік жасап), нақты шаралар қабылдауы тиіс. Әкімдік тарапынан инвесторға барлық мемлекеттік мүмкіндіктер (жер бөлу, инженерлік инфрақұрылым жүргізу) болатын жұмыстарды үйлестіріп, парламенті шараларды атқаруды тапсырамын. Бұл жұмыстарға депутаттар да белсенді араласуы тиіс деп ойлаймын.

Төртінші бағыт бойынша Мемлекет басшысы Үкіметке және әкімдіктерге инвестиция тарту бойынша жұмыстарды едәуір жандандыру қажеттілігі туралы атап өтті.

Қазір бюджет қаражатымен шектелетін заман емес. Президентің өзі қолайлы инвестициялық жағдай жасау және жұмыс орындарын ашулы міндеттеді. Біз бытырғы индикаторды артығымен орындадық. 2022 жылға бекітілген 373,5 млрд теңге инвестиция индикаторы нақты 409,6 млрд теңгеге орындалды. 2023 жылға бекітілген индикатор 424,2 млрд теңгені құрайды. Премьер-министрдің тапсырмасына сәйкес индикатордың өсімі 10%-дан кем болмауы тиіс. Осыған орай, биыл біз кем дегенде 472 млрд теңге инвестиция тартуымыз қажет. Бұдан бөлек, биыл өңірге 273 млн АҚШ доллар тікелей шетелдік инвестиция тарту межеленген.

(Анықтама ретінде: 2022 жылға 265 млн АҚШ доллар тікелей шетелдік инвестиция тарту индикаторы бекітілген. Жыл қорытындысымен жоспар 26,9%-ға артығымен орындалып, көрсеткіш 336,5 млн АҚШ долларын құрады).

Қызылорда қаласының әкімдігіне (А.Шәменов) құны 1 млрд теңгеден асаатын, әр ауданның әкімдігіне 500 млн теңгеден асаатын кемінде 1 жобадан іске қосуды тапсырамын. Бұл жұмысты үйлестіру облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына жүктелді.

Мемлекет басшысы Үкіметке, мемлекеттік-жекешелік әріптестік ауқымын кеңейтуді тапсырды. Облыстық экономика және қаржы басқармасы (Н.Қорлабай), Қызылорда қаласы және аудан әкімдері, жауапты басқармалармен бірлесіп Кешенді жоспар жобасына бір апта мерзімде ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын. Нұрымбет Аманұлы, нақты ұсыныстар енгізуі тиіс.

2-бет

«АЛҒЫР» АЛҒАН АЛАМАН

Қызылордада ат бәйгесінен ҚР чемпионатының оңтүстік аймақтық II іріктеу турнирі өтті

Өткен сенбі күні Алаштың анасы — Сыр елінің жүрегінде желмен жарысқан жүйріктердің бәсекесі болды. Нақтырақ айтсақ, ҚР чемпионатының оңтүстік аймақтық II іріктеу турнирі Қызылордада ерекше сән-салтанатпен ұйымдастырылды. Ат жарыстың салтанатты ашылуына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, ҚР «Бәйге» федерациясының президенті Қанат Көлбаев қатысты.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Өткенге ой жүгіртпей, бүгінді бағамдай алмайсыз. Ордалы елімізді отарлаушылар қазақ пен жылқының рухани-тұрмыстық және жауынгерлік байланысын жақсы білген. Мысалы, Сібір шебінің әскери бастығы генерал-майор Веймарн Сыртқы істер коллегиясына солдаған құпия баяндамасында: «Қазақты тыныштандырып жуасыту үшін қуат қоры — жылқысынан айыру керек» десе, XX ғасырдың басында Зайсан өңірінде қызметте болған қазақ атаманы Рябушкин: «Қазақ атқа мінсе ерленіп кетеді, ешкімге бағынбайды. Бұларды бағынышты ұстау үшін жылқыдан айыру керек», — депті.



4-бет

ТАПСЫРМАҒА ТИЯНАҚТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Үкімет отырысында Мемлекет басшысының 19 сәуірде өткен елдің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері туралы кеңейтілген мәжілісіне айқындалған экономикалық саясаттың сегіз нақты бағыты талқыланды. Жауапты ведомство басшылары атқарылатын шаралар туралы баяндады.

Үкімет отырысынан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Премьер-министр берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында жиын өткізді. Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді жүзеге асырудың нақты шаралары қабылдануы қажеттігін атап өтті.

Барлық басқармалар салалық министрліктермен әр бағыт бойынша өз міндеттерін пысықтап, жұмыс жасауы керек. Мемлекет басшысы азық-түлік бағасының қымбаттауына тоқталып, тұрақтандыру қорлары мен азық-түлік корпорациясының жұмысын күшейтуді тапсырды.

Расында, біздің өңірде аграрлық секторды дамытуға мол мүмкіндік бар. Дегенмен тұрғындар нан, күрші және тұзбен ғана 100 пайыз қамтамасыз етілген. Халық тұтынатын әлеуметтік маңызды бар негізгі тауарлар сырттан тасымалдануда. Оларды өндіруге толық мүмкіндігіміз болғанымен, жұмыс жолға қойылмаған. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармалары Қызылорда қаласының, барлық ауданның әкімдерімен, «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бағаны тұрақтандыру бойынша нақты ұсыныстар берсін, — деді аймақ басшысы.

Мұнда бөлек, жиында инвестиция тарту, қалалардағы жағдайды жақсарту мәселелері талқыланды. Облыстық экономика және қаржы басқармасына барлық басқармалармен бірлесіп, Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша Өңірлік іс-шаралар жоспарын әзірлеу жүктелді.

ҚАУЫМДАСТЫҚ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжановпен және ҚР «Көкпар» федерациясының президенті Бауыржан Исабаевпен кездесті.

Кездесу барысында ұлттық спортты дамыту, бұқаралық сипатты арттыру мәселелері талқыланды.

КР Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов Сыр өңірінде бөйте чемпионатының жоғары деңгейде ұйымдастырылғанына алғыс білдірді. Алдағы уақытта ұлттық спорт жарыстары кәсіби деңгейде өткізілетінін атап өтті.

Айта кетейік, қазіргі таңда Қызылорда облысында 8 ұлттық спорт түрі (асық ату, ауырсыпақ, жамбы ату, жекпе-жек, казак күресі, көкпар, тенге ілу, тоғызқұмалақ) бойынша 26396 спортшының 797 жаттықтырушы тәрбиелеуде. Оның ішінде, ат спорты бойынша «Қызылорда облыстық ұлттық ат спорты федерациясы» қоғамдық бірлестігі, «Көкпар» федерациясы республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы, «Қызылорда облысының бөйте федерациясы» қоғамдық бірлестігі тіркелген.

Сонымен қатар, өңірде ұлттық спортты дамыту мақсатында Қызылорда қаласынан 2018 жылы «Ұлттық мектеп ат спорты түрлері бойынша спорт клубы» КММ құрылып, қазіргі таңда 7 спорт түрі бойынша (казак күресі, жамбы ату, тенге ілу, ауырсыпақ, тоғызқұмалақ, асық ату, ұлттық жекпе-жек) 12 жаттықтырушы-оқытушы 407 спортшыны баулуға.

АГРАРЛЫҚ САЛАДА ӨСІМ ДЕ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ ДЕ БАР

Ал депутат Жангелді Ысқақ Шиелі ауданындағы Жансейіт, Бестам, Жанакорған ауданының тау беткейінде ауылдарда жайылымдық жердің тапшылығы мен су мәселесі жайында ойын білдірсе, Орынбасар Төлепов қант қызылшасын өсу және оның өнділетін ірі зауыт қажеттігін айтты. Жұмабек Ембергенов суды көп қабақ етпейтін дақылдарды ету, Ібайдулла Тілеп егістікке берілетін жанар-жағармайдың лимиті жөнінде ұсыныс пікірін жеткізді.

Облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов жергілікті бюджет нақтылау қорытындысымен 592 млрд тенгеге жеткенін айтты, Президент, Үкімет басшылығы мен облыс әкімінің алғыс білдірді.

Қазіргі таңда облыс бюджеті 592 млрд тенгені құрап отыр. Бұл Мемлекет басшысы мен Үкімет көрсеткен қолдаудың, аймақ басшысының жүйелі жұмысының нәтижесі деп білеміз, — деді Н.Байқадамов.

Облыстық мәслихат сессиясын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қорытындылады.

Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында өңірде әлеуметтік-экономикалық жағдай қалыпта. Негізгі макроқорсеткіштер бойынша өсім қалыптасты. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі 4,6, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,7, инвестиция тарту 52,2, құрылыс жұмыстарының көлемі 38,7, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 2,9 және сауда көлемі 2,1 пайызға артты, — деді облыс әкімі.

Бұл қаржы өңірдің өзекті мәселелерін шешуге бағытталмақ. Атап айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандырудың шығындарына және әлеуметтік нысандардың құрылысына жұмсалды. Жылу-энергетикалық жүйені жаңғырту, «Қызылорда жылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергетикалық қондырғыларын дамыту жобаларына көңіл бөлінді. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі биыл облыста облигациялық қарыздар есебінен 12 әлеуметтік тұрғын үй құрылысын салу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруға, Қызылорда қаласының сол жағалауындағы тұрғын үй құрылысына және инженерлік инфрақұрылым желілерін тартуға қосымша қаржы бағыттамақ.

Сондай-ақ, қаржы денсаулық сақтау нысандарының құрылысына, халықтың әлеуметтік жағиынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға, көлік инфрақұрылымын, «Ауыл — ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерді, су және жылу желілерін дамытуға бөлінді.

Былтырдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленген Жалпыұлттық жобалар пулы аясында биыл 9 жоба іске қосылуы керек. Оның ішінде 4 жоба Қызылорда қаласына, 2 жоба Шиелі ауданына, Жанакорған, Қармақшы және Жалағаш аудандарына 1 жобадан тиесілі.

(Анықтама ретінде:

- 1. Қызылорда қаласындағы «Асыл дән ЛТД» ЖШС «Күріш өңдеу цехы» (құны — 0,9 млрд теңге, жұмыс орны — 20 адам);
- 2. Қызылорда қаласындағы «Анаға тағзым» орталығы (құны 1,5 млрд теңге);
- 3. Қызылорда қаласындағы «Ағарту Food» ЖШС «4000 тонналық көкөніс қоймасы» құрылысы (құны — 2 млрд теңге, жұмыс орны — 50 адам);
- 4. Қызылорда қаласындағы жеке кәсіпкер «Байзақтың сауда үйі» (құны 1 млрд теңге, жұмыс орны — 30 адам).

СЕГІЗ БАҒЫТТЫҢ САЛМАҚТЫ ЖАУАПкерШІЛІгі

- 5. Шиелі ауданындағы «Шиелі Доломит» ЖШС «Қиыршық тас зауыты» (құны — 2 млрд теңге, жұмыс орны — 120 адам);
- 6. Шиелі ауданындағы «ADK Group Kazakhstan» ЖШС «Әк шығару зауыты» (құны — 1,3 млрд теңге, жұмыс орны — 90 адам);
- 7. Жаңакорған ауданындағы «Жан-Арай» ЖШС «Сыйымдылығы 100 орындық шипажай» құрылысы (құны — 1,2 млрд теңге, жұмыс орны — 18 адам);
- 8. Қармақшы ауданындағы «Қармақшы құс» ЖШС «Құс фабрикасы» (құны 3,0 млрд теңге, жұмыс орны — 160 адам);
- 9. Жалағаш ауданындағы «Бағ-дәулет-57» фермерлік қожалығының «Сүт фермасы жобасы» (құны — 0,5 млрд теңге, жұмыс орны — 10 адам);

Барлығы: құны 13,4 млрд теңге, жұмыс орны — 518 адам.

Қызылорда қаласы және аудан әкімдері, осы аталған жобалардың мерзімінде іске қосылуына жұмыс жасаныңдар. Инвестиция тарту барлық деңгейдегі әкімдердің күнделікті жұмысына айналуы қажет. Қажет болса шетелге шығыншылар, ірі инвесторлармен кездесіп, келіссөздер жүргізіңіздер! Тек нақты нәтиже болуы керек.

Бесінші бағыт бойынша.

Мемлекет басшысы өз сөзінде жылу электр орталықтарының тозу деңгейі кейбір қалаларда 80%-дан асқанын, елдегі жылу желілерінің 54%-ның тозығы жеткенін атап көрсетті.

Монополиялық нарықта «Тарифті инвестицияға айырбастау» жана тарифтік саясатына көшу керек. Желілер мен қуат көздерінің тозу деңгейін кемінде 15 пайызға азайтуды тапсырды. Энергия тапшылығы проблемасын шешу үшін аймағымызда түрік инвесторы 240 МВт электр энергиясын өндіретін жана жылу электр орталығын салу жөніндегі жобаны іске асыруды бастады. Бұл электр энергиясын сырттан сатып алудан бас тартумен қоса өндірілген электр энергиясының бір бөлігін аймақтан тыс жерге сатуға мүмкіндік береді. Алайда, өңірдегі электр желілері 70 пайызға тозған. Әсіресе, өткен ғасырдың 60-шы жылдарында пайдалануға берілген барлық дерлік желілер мен қосалқы стансалар жағдайы сын көтермейді. Республикалық бюджеттен қуаты 35 кВт-ға дейінгі қосалқы станциялар мен электр беру желілерін салуға, қайта жаңғыртуға арналған шығыстар қаржыландырылды. Мен бұл мәселені Үкімет басшысы келгенде де көтерген болатыным. Энергетика басқармасы, экономика және қаржы басқармасымен бірлесіп Қызылорда облысындағы кернеуі 35 кВт-ға дейінгі (қоса алғанда) қосалқы станциялар мен электр тарту желілерін салуға және реконструкциялау бойынша республикалық бюджеттен қаржы бөлу тетіктерін енгізу мәселесін Энергетика және Қаржы министрліктерімен пысықтауды тапсырамын.

2014 жылғы желтоқсан айында Еуропалық қайта жаңғырту және даму банкісімен облыстың электр, жылу және сумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғырту үшін 6,5 млрд тенгеге несие келісім-шарты жасалған. Алайда, инфляция деңгейінің өсуіне байланысты аталған Банк несиенің сыйақы мөлшерлемесін 27%-ға дейін өсірді. Сыйақы төлемінің көлемі биылғы жылы ол 524 млн тенгеден асты. Әрине, бұл мекенің қаржылық шығындарына, әсіресе жұмысшыларға уақытылы жалақы беру мәселесіне кері әсер ететіні белгілі. Бекітілген тарифтік сметала ескерілмеген қосымша шығыстардың туындауына байланысты, энергетика басқармасы, экономика және қаржы басқармасымен бірлесіп Еуропалық қайта жаңғырту және даму банкісінің алдындағы міндеттемелердің айырмасын өтеуге субсидия бөлуге Индустрия және Қаржы министрліктерімен жұмыс жасады.

Мемлекет басшысы меншік иелері бірлестігін енгізу реформасына да тоқталып өтті.

Қазір облыс бойынша 1222 көпқабаты тұрғын үй бар. Меншік иелерінің бірлестігі институтын енгізу бойынша облыста 913 көпөтерлі тұрғын үй толығымен басқарудың жана формасына ауысты. Дегенмен тұрғындар ара-



Анықтама ретінде: 1. Қызылорда қаласындағы «Асыл дән ЛТД» ЖШС «Күріш өңдеу цехы» (құны — 0,9 млрд теңге, жұмыс орны — 20 адам); 2. Қызылорда қаласындағы «Анаға тағзым» орталығы (құны 1,5 млрд теңге); 3. Қызылорда қаласындағы «Ағарту Food» ЖШС «4000 тонналық көкөніс қоймасы» құрылысы (құны — 2 млрд теңге, жұмыс орны — 50 адам); 4. Қызылорда қаласындағы жеке кәсіпкер «Байзақтың сауда үйі» (құны 1 млрд теңге, жұмыс орны — 30 адам).

сында кондоминиум, яғни ортақ меншік түсінігін қалыптастыруды әлі де жетілдіру қажет деп есептеймін.

Қала және аудан әкімдері, қоғамдық даму басқармасымен бірлесіп, жергілікті мәслихат депутаттарын, қоғамдық кеңес өкілдерін қатыстыра отырып, тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын күшейтуді тапсырамын.

Мемлекет басшысы тұрғындарды таза ауызсумен қамту үшін әлі де өзекті мәселе екендігіне тоқталды.

Бүгінде облыстың 230 ауылдық елді мекенінің 198-і, халық санымен алғанда 98 пайызы орталықтандырылған су жүйесіне қосылған. Қалған ауылдарда 9 мың адам немесе ауыл халқының 2 пайызы тұрады. 2021-2025 жылдар аралығында орталықтандырылмаған 32 ауылдың сумен жабдықтауын жақсарту үшін топтық су құбырларына қосу, су жүйесін жүргізу, су тұщытқыш орнату шаралары жасалуда. Бұл елді мекендер негізінен Арал, Қазалы, Қармақшы және Шиелі аудандарында орналасқан.

(Анықтама ретінде:

- Экология және табиғи ресурстар министрлігі арқылы 3 елді мекен (Арал ауданы — Ақбасты, Абай, Тоқабай);
- Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі арқылы 5 елді мекен (Арал ауданы — Қоктем, Ермбетжаға, Қазалы ауданы — Шахен, Шиелі ауданы — Қызықайын, Косүйеңкі);
- Жергілікті бюджет арқылы 24 елді мекен (Арал ауданы — Жіңішкекүм, Моинақ, Қуланды, Тастубек, Қуршак, Сазды, Қазалы ауданы — Қожақазған, Мәдениет, Тапа, Асар, Бірлік, 101 развед, 102 развед, Сарбулак, Жубан, Шилі, Шөкүм, Қармақшы ауданы — Ордазы, Сарытоғай, Кекірей, Шобанқазған, Шиелі ауданы — Лесхоз, Жуантөбе, Ақтам).

Тісті аудан әкімдері ауызсумен қамтылу орталықтандырылмаған ауылдарда кешенді блок-модульдер орнату жұмыстарын жеделдетуді тапсырамын. Жоспарға сәйкес әр ауылдың мәселесін шешіп, 2025 жылға дейін толық 100 пайыз орталықтандырылған ауызсуға қосылуға жет.

Облыс аумағында 37 гидротехникалық құрылыс бар. Олардың техникалық жағдайы үнемі бақылауда болу қажет. Жыл сайын арнайы комиссия облыс аумағында орналасқан гидротехникалық құрылыстардың жай-күйіне зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалану агенттігі реттеу басқармасы, төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, биылғы зерттеу жұмыстарының нәтижесімен бірінші кезекте жөндеуді қажет ететін гидротехникалық құрылыстар бойынша ұсынысты тиісті орталық атқарушы органдарға 2 апта мерзім ішінде беруі тапсырамын.

Алтыншы бағыт.

Мемлекет басшысы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі ашықтықтың жоқ екендігін атап өтті. Үкіметке өңір әкімдерімен бірлесіп медициналық сақтандыру қорының өңірлік филиалдарының қызметіне тексеру жүргізуді тапсырды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы әкімдік жанынан жұмыс тобын құрып, тиісті жұмыстарды үйлестірсін.

Қазіргі таңда медициналық ұйымдарда дәрі-дәрмекті жоспарлау, диспансерлік есепте тұратын науқастардың санын нақтылау, дәрі-дәрмекті науқасқа жазып беру ақпараттық жүйелерінің арасында интеграцияны жеделдету үшін денсаулық сақтау министрлігімен тиісті жұмыс жүргізуді керек.

Президент білім сапасын көтеруді, зорлық-зомбылықтың алдын алуы және балалардың қауіпсіздігіне жете мән беруді атап өтті.

Соңғы жылдары елімізде жүргізіліп келе жатқан халықаралық зерттеулер қорытындысы білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу талабын қоюда.

(Анықтама ретінде: PISA-2021 халықаралық зерттеуіне Қызылорда облысындағы 30 білім беру ұйымынан 1 075 білім алушы қатысты. Қорытындысы осы жылдың желтоқсан айында шығады. 2023 жылғы сәуір-мамыр айларында TIMSS, ICILS халықаралық зерттеулері өткізілуде. Қорытындысы жылы соңында белгілі болады).

мен құқық бұзушылығына қатысты мәселені зерделеп, нәтижесімен бірлескен ведомстваралық кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеуі тиіс. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, түрлі санаттағы отбасыларға талдау жасап, тұрғындарды әлеуметтендіру мәселесіне баса мән беру керек. Облыстық полиция департаменті қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқықбұзушылық, кибербуллинг әрекеттері мен заңсыз ойын орындарына тосқауыл қою бағытында жұмыстарды күшейтуі қажет.

Тағы бір маңызды мәселелердің бірі — жұмыссыздық мәселесі, оның ішінде жастардың жұмыссыздығы.

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 4,1 пайыздан 4 пайызға дейін төмендеді. Жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайыз деңгейінде тұрақты сақталуда.

Халықты, жастарды жұмыспен қамту мақсатында қабылданған «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында 2023 жылы 43 898 жұмыс орнының, оның ішінде 30 650 жана жұмыс орны ашылуда. Бүгінгі күнге 13 498 жана жұмыс орны құрылды.

Жастардың кәсіпкерлік бастамасына қолдау көрсету үшін 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие беруге 1,3 млрд тенге (257 адам) бөлінді. Қазіргі таңда жастарымыз несие алып, өз кәсіптерін бастап кетті. Ақарылатын шаралардың нәтижесінде жыл соңына дейін жұмыссыздық деңгейін 4,8 пайызға, ал жастар арасындағы жұмыссыздықты 3,9 пайызға дейін төмендету күтілуде.

Мемлекет басшысы өз сөзінде адами капиталды тиімді дамыту шеңберінде мемлекеттік әлеуметтік қолдау атуалы және мақсатты болуы керектігін де атап өтті.

Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері отбасының әлеуметтік көмекке мұқтаждығын нақтылау бойынша арнайы жұмысшы топтарын құрып, қайта тексерулер жүргізулері қажет.

Мемлекеттік қолдаудың ең бас қағидасы ретінде атуалы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы еңбекке жарамды адамдарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартып, тұрақты жұмысқа немесе уақытша жұмыс орындарына орналастыру шараларын қабылдауға тиіспіз. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы (Ф.Жанабаев), Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп, осы жұмыстарды үйлестіріңіз.

Биылғы жылдан бастап республика бойынша Отбасының цифрлық картасы цифрлық платформасы енгізілуде. Бұл жүйе тұрғындардың экономикалық, әлеуметтік, тұрғын үй жағдайлары, денсаулық пен білім бойынша отбасының әл-ауқат деңгейін бағалауға және қауақталауға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта өр өкімінің жұмысы осы карта шеңберінде тұрғындарға көрсетілген қолдау шараларының нәтижесімен бағаланатын болады.

Жетінші бағыт бойынша Президент ауылдық аумақтардың өмір сүру сапасын және табысын арттыру мәселелерін ұдайы бақылауда ұстауды тапсырды.

2023-2027 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамыту Тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдама шеңберінде әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымды жақсарту жобалары жүзеге асырылатын болады. Маңызды мәселе — 2025 жылдан бастап бұл бағытта тек тіректі елді мекендегі жобалар республикалық бюджеттен, ал, спутниктік елді мекендердегі жобалар жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын болады.

2024 жылы спутниктік елді мекендердегі жобаларды барынша республикалық бюджеттен іске асыруды ұйымдастыруымыз қажет.

Халық табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде биыл облысқа тек 3 млрд тенге қана бөлінді. Бұл жеткіліксіз. Жеңілдетілген несиемен облыстағы барлық ауылдық округтердің қамтылуын бірлесіп, күш салайық. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы орталық мемлекеттік органдармен бағдарлама аясында қосымша қаржы тарту бағытындағы шараларды атқарсын. Аудан, қала және әр ауыл әкімдері осы жоба аясында жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтерге біріктіріп, әрбір бизнес жобаға сүйемелдеу жұмыстарын ұйымдастырулары қажет.

Барлық аудан, шағын қала және қала деңгейінде баскелестік артықшылықтарын анықтап, салалық басымдықтарды талдау арқылы әр ауданнан сервистік өткізу кооперативтерін құруды тапсырамын.

Халықты ақпараттандырудың да маңызды зор. Ең шалғайдағы ауылдық округтерге микрорекрединг беру және кооперативтерді ынталандыру, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар бойынша ақпараттандыру мен түсіндірме жұмыстарын қарқынды жүргізуге барлығымызды шақырамын.

Бүгінгі активте Президент тапсырмаларынан туындайтын негізгі проблемалық сұрақтар көтерілді. Алдағы уақытта өздеріңізбен бірлесіп, оларды шешу бағытында жұмыс жасайтын боламыз.

Дана халқымызда «Біріккен бітіреді, ұйымдасқан ұтады» деген жақсы сөз бар. Бір жақадан бас, бір жеңнен қол шығарып еліміздің, аймағымыздың дамуы бағытында аянбай қызмет жасай берейік.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

Кайғылы 1937 жылы Орта Азия мен Қазақстанда КСРО және рес-публикалық НКВД органдары мифтік ұлтшыл-буржуазиялық ұйымдарды жою мақсатында те-рен ойластырылған тағы бір кең масштабты операция өткізді. Нә-тижесінде көптеген қоғам және мемлекет қайраткерлері жалған ай-ыптармен қамауға алынды. Әдепкі ұсталғандардың ішінде С.Кожанов, С.Ескараев, Т.Жүргенов және баска да қазақтың аяулы ұлдары бол-ды. С.Кожанов 1937 жылы Таш-кент қаласында ұсталды. Кейін оны Мәскеуге алдыртып, тергеуін НКВД-ның өзі жүргізді. Алдын ала тергеу барысында қауіпсіздік органдарының қызметкерлері ал-пысқа жуық «ұлтшылдардың» тізі-мін жасаған екен. Осы тізімнің бе-тінде колмен жазылған мынадай сөздер бар: «Неполный, далеко неполный состав членов организа-ции». Бұл қаралы белгіні қалдырған адам белгісіз. Бірақ, оның жоғары лауазым иесі екені анық. «Ұлтшыл-дармен» күресу науқаны осылайша Мәскеуде әзірленген болатын.

Қазақстанда «ұлтшылдармен» күресуді жүргізген белгілі жәнет Залин Лев Борисович. Ол 1935-1937 жылдары республикалық ОГПУ-НКВД органдары басқар-ған. Кейіннен қызмет бабымен Мәскеуге қоныс аударып, орталық НКВД-ның бөлім бастығы болған. 1938 жылы 8 маусымда өз әріптес-тері оны «шетел барлауының агенті» ретінде НКВД органдарында зиян-ды жұмыстар жүргізген» деген ой-дан шығарылған айыптаумен қамау-ға алған. Тергеуге берген жауап-тарының бірінде ол былай депті: «Мен Ягода, Мирзоян және баска-лармен байланыста болғаным рас. 1937 жылы Мирзоянның нұсқау-ымен Жүргенов, Ескараев, Са-дуақасов, Сырабеков, Кабылов және Досовты тұтқыңа алуудан құт-қаруға тырыстым...».

Бұл — оның жаны қысылғанда айтқан сандырағы. Ал, іс жүзінде ол «ұлтшылдарды» жоюға кіріскенде өте белсенділік көрсеткен. Оны қолымыздағы құжаттар айғақтайды. 1937 жылы 1-5 тамызда Қазақстан Орталық КП(б) Комитетінің Плену-мы болып өткен. Күн тәртібі бойын-ша басқа мәселелермен қатар НКВД комиссары Залиннің мәлімдемесі тыңдалған. Осыған орай Пленум арнайы қаулы қабылдаған. Содан үзінді келтірейік.

Қаулыдан: «ОК және Қазақ ССР НКВД алдағы уақытта барлық контрреволюциялық элементтерді түгелдей талқандап, тамырына дей-ін құртқанда жұмыстарын әрі қар-рай жалғастырсын.



ЖҮРГЕНОВТЕР ОТБАСЫНЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ

Халық жауы Т.Жүргенов Орталық КП(б) Комитетінің Пленумы құрамынан және партия қатарынан шығарылсын. Орталық КП(б)К хатшысы Л.Мирзоян». Термірбек Жүргенов өзіне кара бұл төнгенін сезген болуы керек. Л.Мирзоянға басқа жұмысқа ауысуға ықпал та билдірген. Осыған байланысты жазған өмірбаяның соңында былай депті: «Мені ғы-лым-зерттеу жұмыстарына пайда-ланған дұрыс деп есептеймін. Т.Жүргенов. 1937 жыл 27 көкек». Бұл өтініш белгілі себептермен қа-нағаттандырылмаған.

1937 жылы 2 тамызда КСРО про-куроры Вышинскийдің санкциясы-мен Т.Жүргенов қамауға алынды. Оны тергеуге Залин белсенді ара-ласты. Т.Жүргеновті қыркүйектің 8-і күні кабинетіне алдыртып, екі-үш НКВД қызметкерімен бірге оған қатты қысым жасаған. Тура бір ай алты күннен соң «Мен өзімді кінәлімін деп есептеймін. Себебі, ешқандай контрреволюциялық ұйымға мүше болғаным жоқ және ондай ұйымның бар-жоғы маған мүлдем белгісіз» деп үзілді-кесілді жауап берген Т.Жүргенов бір сәтте өзін «қылмыстық әрекеттерін» мойындап шыға келген. Бірақ, За-линге және оның сыбайластарына Т.Жүргеновтің «ұлтшылмен» деп мойындағаны жеткіліксіз болған. Өйткені ол кезде жауапқа тартылған адамдардың Қылмыстық кодексе-те қаралған «контрреволюциялық қылмыстары» міндетті түрде толық-тырылатын. Сондықтан, бұл іс бой-ынша Алматы қаласындағы орта мектептердің бірінде әскери дайын-дықтан сабақ беретін Сукин деген біреуден қосымша жауап алытып. Ол тергеуде былай деген: «Халық ағарту комиссары Т.Жүргенов

контрреволюциялық ұйымға мені әскери маман ретінде тартты. Оның өтініші бойынша Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкету мақсатында дайындалып жатқан ұлтшылдардың көтерілісін жүзеге асыратын опера-тивтік жоспар дайындалды. Мен жапондардың әскери аттасөсі, бас штабтың полковнигі Мике және оның көмекшісі Судзукимен шиоңдық байланыста болдым. Солардың өңгімелерінен Т.Жүрге-новтің ұлтшылдарға қару-жарак алып беру мақсатында жапондар-мен құпия жағдайда арнайы келісім сөздер жүргізілгені аңғардым...».

Әрине, бұл жаланы Т.Жүргенов мойнына алмаған. Соған байла-нысты 1937 жылы 25 қарашада Су-кин мен Т.Жүргеновтің арасында бетбестіру жүргізілген. Қазақ ССР НКВД комиссарының орынбасары Володьконың (ол да 1939 жылы тергеу істерін бұрмалағаны үшін атылып кетті. Ә.Б.) «Сукиннің жау-абын құаттайсың ба?» деп қой-ған сұрағына, Т.Жүргенов: «Жоқ, құатмаймын. Оның айтып отыр-ғаны жала. Қарсы отырған Су-кинді мүлдем танымаймын және онымен ешқандай байланыста болғаным жоқ» деген. Шамасы, ол Т.Жүргеновті әшкерлеу үшін НКВД-ның дайындаған адамы бо-луы керек. Өйткені, келесі күні, яғни 1937 жылы 26 қарашада КСРО НКВД-нің шешімімен Сукин аты-лып кеткен. Демек, НКВД қыз-меткерлері өздерінің қылмыстық ізін жою мақсатында Сукиннің көзін құртқан деп тұжырымдауға негіз бар. Сөйтіп, осы формальді бетбестіруден кейін Т.Жүргеновті «жансыз» деп айыптап, Қылмыстық кодексте қаралған тағы бір ауыр бапты мойнына қиып салған. Бұл кезде республика баспала-

ры Т.Жүргенов жайында теріс қоғамдық пікірлер туғызып, оны жазықсыз әшкерлейтін көптеген мақалалар жариялап жатты. Тергеушілер әрекеттерінің «шынайы» екендігін дәлелдеу үшін және басқа айғақтары болмаған соң әлгі мақалаларды газеттен алып, қылмыстық ісіне тіркепті. Солардың кейбірін атап өтейік.

«Казакстанская правда» газеті 20 қыркүйекте «Ликвидировав вра-жескую пушину в казахской ор-фографии», 21 қыркүйекте «Как в Наркомпросе редактируют учебни-ки», 3 қазанда «Кто скрывается под фамилией Ынтықбаев?», 17 қазанда «Вражеское охвостье в органах Наркомпроса» және т.б.

Алдын ала тергеудің қортынды-сы бойынша Т.Жүргеновке мына-дай сандырақ айыптар тағылған:

- 1. Т.Жүргенов ұлтшыл-антике-нестік, терроршыл-көтерілісші, шпиондық-диверсиялық ұйымның құрылған кезінен (1926-1927 жыл-дары) бастап оған басшылық еткен, жұмыстарына белсенді қатысқан.
- 2. Контрреволюциялық ұйымға жана мүшелер қабылдаған.
- 3. 1930 жылғы Кеңес өкіметіне қарсы Қарақұмдағы бандә көте-рілісін ұйымдастырушылардың бірі болған.
- 4. Қазақстандағы контрреволю-циялық ұйым жетекшілерінің бірі, шетел мемлекеттерінің Кеңес Ода-ғына қарсы соғыс жариялауына ту-ралап көтеріліс әзірлеген.
- 5. Контрреволюциялық ұйым-ның терроршыл жұмыстары жай-ында хабардар болған және қал-рларды сол мақсатқа дайындаған. Ұйым басшыларының тапсырма-сы бойынша Орталық ВКП(б) Ко-митетінің Саяси Бюросы мүше-леріне террорлық акт әзірлеген.

Сондай-ақ, Қазақстан ОК КП(б) хатшысы Л.Мирзоян жолдасқа тер-рорлық акт жасауға басшылардан тапсырма алған.

6. Қазақстанда өнеркәсіп және ауыл шаруашылығындағы жүргізі-ліп жатқан диверсиялық әрекет-терді білген. Басшылардың дирек-тивасы бойынша жеке өзі де диверсиялық топ құрып, 1936 жылы Алматы қаласындағы баспаханаы өртеуге дайындық жүргізген және ұйым мүшелеріне теміржолда див-ерсиялық әрекеттерді жүргізуге тапсырма берген.

7. Халық ағарту Комиссариа-тының барлық саласында зиянкес-тік жұмыс жүргізген және бұл іске өзі басшылық еткен, яғни РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-1 «а», 58-7, 58-8 және 58-9-баптарында қаралған қылмыстарды жасаған...».

Осы айыптау бойынша КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегия-сының көшпелі мәжілісінде (1938 жылы 25 ақпанда) Темірбек Жүр-геновтің «қылмыстық ісін» қысқа мерзімде, небәрі 20 минут ішінде қарап, оны ату жазасына кескен. Үкімді сот мәжілісі аяқталысымен-ақ сол кеште жүзеге асырған.

Кешікпей зайыбы Дәмеш Ерма-кова (Жүргенова) «халық жауының әйелі» атанып, бас бостандығынан айырылып, сотталды. Жазасын НКВД-ның арнайы лагерінде өте-ген. Содан кейін де бірнеше рет жер ауырды. Тек 1957 жылы ақпалып, Алматыға оралған соң, Дәмеш апаі күйеуінің ақталуына көп күш салған екен. Жоғарғы ин-станцияларға хаттар жазған. Соның бірін КСРО Бас әскери прокуроры-на жолдаған. Онда былай делінген:

«Менің жұбайым Жүргенов Темірбек Қараулының ісін қайта қарауларыңызды сұраймын. Ол 1898 жылы туған, казак, 1921 жыл-дан бастап КОКП мүшесі. 1937 жыл-ды тұтқындалғанға дейін Қазақ ССР Халық ағарту комиссары және республикалық көркемөнер коми-тетінің төрағасы болып қызмет атқарған. Сонымен қатар, Алматы қаласындағы алғашқы казак опера-театрының ұйымдастырды.

Он бір жыл бірге өткізген өмі-рімізге қарап Т.Жүргеновті револю-ция ісіне шын берілген большевик, дарынды ұйымдастырушы және жетекші деп айта аламын. Ол Орта Азия мемлекеттік университетін бі-тіріп, 1928 жылдан 1930 жылға дейін Ташкент мемлекеттік универси-тетінің проректоры болып істеді, Тәжік ССР қаржы халық комисса-ры болды, 1930-1933 жылдар аралы-ғында Өзбек ССР халық ағарту ко-миссары болып қызмет етті. Кейін, 1933 жылы ішкіде алында КОКП ОК шешімі бойынша Қазақ ССР

халық ағарту комиссары болып та-ғайындалды.

Мәскеуде Казак көркемөнер күнін жоғары дәрежеде өткізгені үшін Т.Жүргенов 1936 жылы мамыр айында КСРО Жоғары Кеңесінің шешімі бойынша «Еңбек Қызыл Ту» орденімен нағралдды.

КОКП ОК және сіздерге айтаты-ным, менің жұбайымды, соған бай-ланысты мені айыптау, социалистік отбасын жою — Берия және оның сыбайластарының ісі.

Менің казак екенімді және Ке-ңес мектебінде тәрбиеленіп, ко-мунистік партияның арқасында жоғары білім алғанымды ескеруле-рінізді сұраймын. 1924 жылдан КОКП мүшесімін, жұбайым тұт-қындалғанға дейін Қазақ дәрі-герлер институтының терапевтік клиникасының ассистенті бол-дым. 1938 жылы мен кінәсіз, сот-сыз және тергеусіз тұтқындалып, 8 жылға солтүстік Орал НКВД-ның түрмесіне қамалдым. Жеті жылдан соң мені лагерден бір жылға ерте босатты. 1946 жылдың аяғында Алматы қаласына оралдым. Бұл жерде 1948 жылға дейін дәрігерлер институтында жұмыс істедім. 1948 жылы Қазақ ССР ішкі істер ми-нистрлігінің бұйрығымен бір жылға жер ауырдым. 1953 жылдан Қарағанды қалалық ауруханасында 18 жыл бойы «халық жауы отбасының мүшесі» деген таңбамен дәрігер бо-лып қызмет еттім.

Ендігі жерде жұбайым екеуіміздің ісімізді жәделдетіп қарап және ақ-тап, сүйікті коммунистік партия қатарына қосуларыңызды сұрай-мын. Қызметім жағдайы міндетімені 1953 жылы Қазақ ССР ішкі істер министрлігінің басқармасы арқылы және 1955 жылы Бас әскери про-курорға өткізілген арыздарыма тір-кегенмін.

Жұбайымды екеуімді айыпталуы-мызға байланысты басым түскен қиындықтарды өткізгеніме, лагерь-де және бостандықта қызметімді адал атқарғанымды дурыстап көңіл бөлулеріңізді сұраймын. Себебі, істің қайта қаралуы екі жылға со-зылып, онсыз да құрыған денсау-лығыма қатты әсер етіп отыр. Ме-нің өтінішімді қабыл алуыңызды сұраймын. Ермакова (Жүргенова). 1955 жыл. 26 қыркүйек».

Осындай бірнеше өтініштерден кейін, 1957 жылы 16 көкекте КСРО Жоғарғы сотының әскери колле-гиясының шешімімен Темірбек Жүргенов заң жүзінде толық ақталды.

Әмірхан БӘКІРҰЛЫ,
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің ардагері
(Жалғасы бар.
Басы өткен нөмірде)

Бекітілген тарифтік сметаның, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне жеткізу бойынша 2022 жылға ЕСЕБІ

1. Кәсіпорның сипаттама

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай - Компания) Қызылорда облысы бойынша электр энергиясын беру қызметі бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады. Компания қызметінің негізгі мақсаты — Қызылорда облысының электр энергетикалық желілерінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Компаниядағы қызметкерлер саны — 1014 адам, оның ішінде: әкімшілік-басқару персоналы — 64 адам, өндірістік персонал — 950 адам.

Компанияның пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы 10 121 шақырым, қосалқы станциялардың саны — 1867 дана, құрылыстардың жалпы тозу деңгейі 68%-ға жетті.

Қазіргі таңда құрылыстардың нақты қызмет еткен мерзімі 30-50 жылдан астам, алайда нормативті қызмет ету мерзімі 20-25 жылдан аспауы керек.

2. 2022 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы

Үкәлілетті органдармен 2022 жылға инвестициялық бағдарлама 346 млн. тенгеге бекітіліп, төмендегідей жұмыстар жүргізілді: 195 млн. тенгеге — 33,5 шақырым 10/0,4 кВ электр желілерін қайта жаңғырту; 98 млн. тенгеге — электр энергиясын есепке алу аспаптары АСКУЭ-ге қоюу; 50 млн. тенгеге — №9 ЦТП-10 кВ тарату пунктін жаңғырту.

Инвестициялық бағдарламаның шаруашылық тәсілімен (хоз. способ) мекеменің өз күшімен орындалды.

Инвестициялық бағдарламала қарастырылған 3 млн. тенгеге — ұйымдастыру техникасын сатып алу іс-шарасы бойынша мемлекеттік сатып алу конкурстарына өнім берушілер қатыспау себебінен, Үкәлілетті орган мен Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бірлескен бұйрығына сәйкес, ұйымдастыру техникасын сатып алу іс-шаралары 2023 жылға ауыстырылды. Қазіргі таңда аталған іс-шара бойынша мемлекеттік сатып алу конкурстарын жариялау жұмыстары жүргізілуде.

3. 2022 жылға бекітілген тарифтік сметасының бағдары бойынша орындалуы

Бекітілген тарифте материалдық шығындардың үлес салмағы — 5%, жөндеу жұмыстарына шығындары — 4%, еңбекке ақы төлеуге арналған шығындары — 25%, салықтар — 2%, негізгі құралдар және материалдық емес активтердің (НМА) амортизациялық аударымдары — 19%, өзге ұйымдар қызметтері — 2%, Еуропалық қайта құру және даму банкі сыйақылары төленуіне шығындары — 8%, ысыраптар өтелуіне шығындар 35% құрады.

Тарифте пайда ескерілмеген.

«Реттеліп көрсетілетін қызметтер» үшін бекітілген жалпы шығын 5 432 млн.тенге болса, нақты шығын 6 667 млн.тенгені құрады.

Электр энергиясын беру қызметі үшін бекітілген жалпы табыс 5 031 млн. тенге болса, нақты табыс 4 994 млн.тенгені құрады.

2022 жылға бекітілген тарифтік сметала шығындар 4,94 тенге тариф бойынша есептелінген. Уақытша өтемдік тарифтің енгізілуіне және стратегиялық тауарлар құнының өсуіне сәйкес тарифтің өзгеруіне байланысты жылдың қорытындысы бойынша орташа тариф 4,854 тенгені құрады. Уақытша өтемдік тарифтің енгізілуіне және қалыптасқан артық шығындардың негізінде тарифтік смета бойынша шығын 1 673 млн.тенгені құрады.

4. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орнын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйені техникалық мүмкіндіктері, жұмыс сенімділігі сақталды. 2022 жылы 2-дәрежелі істен шығулар 214 рет тіркеліп, 2021 жылмен салыстырғанда 171-ге немесе 44 % азайған.

Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері барлық нормативтік-техникалық талаптарына сай сақталған.

5. 2022 жылдың нәтижесі бойынша электр энергиясын беру қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат

Облыста тұрғын үй секторының ұлғаюы, әлеуметтік нысандар мен кәсіпкерлік нысандардың жаңадан қосылуы, электр энергиясы тұтынушыларының нарығының кеңеюі, Қызылорда облысының электрмен жабдықтаудың дамуы есебінен электр энергиясы транзиті көлемі бекітілген жоспардан 11 млн. кВт* сағатқа немесе 1%-ға ұлғайды.

6. 2022 жылға негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Оперативтік мәліметтер бойынша: Жалпы табыс — 5813 млн. тенгені құрап, жалпы шығыстар 7500 млн. тенге жұмсалды. Жылдық шығын 1687 млн. тенгені құрады.

Өндірістік шығындар көлемі — қызметтерді апаратық жағдайларсыз және сапалы беру мақсатында, өндірістік қажеттілікке, сонымен қатар қосымша қызмет көрсету жұмыстарының өткізілуіне, материалдарға нарық бағамының өсуі, нақты амортизацияның ұлғаюуы және жыл ішінде энергия өндірісі станциялардан электроэнергияны сатып алу бағамының бірнеше рет өсуіне қарай, электр энергиясын ысыраптарын сатып алуға жұмсалған шығындардың өсуіне байланысты ұлғайды.

7. Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемі

Тарифтік сметала транзит көлемі 1018 млн. кВт* сағат болып бекітілген, нақты қалыптасқан көлемі 1029 млн. кВт*сағатты құрап, бекітілген мөлшерден 1%-ға ұлғайды. Электроэнергиясының транзиті 2021 жылмен салыстырғанда (2021 жылы электроэнергиясы транзитінің нақты көлемі 1002 млн. кВт* сағатты құрады) 27 млн. кВт* сағатқа немесе 3% өсіп отыр.

8. Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларына жасалып жатқан жұмыстар туралы

«КЭТТК» АҚ-ның тұтынушыларымен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты: тұтынушыларға электр энергиясын беру бойынша қызметтерді сапалы және үзіліссіз қамтамасыз ету болып табылады. 2021-2022 жылдарға Қызылорда қаласының Арай, Титов және Қызылжарма шағын аудандарында 10/0,4 кВ әуе желілерін дамытуға облыстық бюджеттен 250 млн. тенге мөлшерінде қаржы экономиканың негіздемесі бекітілді. Қайта жаңғыртудан өткен нысандардың көлемі: 41,2 шақырым 10/0,4 кВ әуе желісі, 9 дана 10/0,4 кВ қосалқы станция, 1 дана арнайы техника.

Қазіргі таңда барлық құрылыс монтаждау жұмыстары толығымен аяқталды.

2022 жылы облыстық бюджеттен компаниямыздың жарғылық капиталын ұлғайту үшін, Қызылорда қаласындағы «Силикатная», «Промышленная» және «Комсомол» 35/10 кВ қосалқы станцияларының күштік трансформаторлары және 35 кВ АТҚ құрылыстарын жаңғырту және дамыту үшін облыстық бюджеттен 549 млн. тенге қаражат бөлініп төмендегі жұмыстар жүргізілді:

- 35/10кВ «Силикатная», «Комсомол» қосалқы станцияларында 6300 кВА күштік трансформаторлары жана 10 000 кВА күштік трансформаторлары ауыстырылып, іске қосылды;
- 35/10кВ «Промышленная» қосалқы станциясында 4 дана вакуумды ажыратқыштар жаңадан орнатылып, жұмыстар толығымен орындалды.
- 9. 2023 жылға кәсіпорның қызметінің перспективалары (оның ішінде электр энергиясын беру бойынша қызметтеріне тарифі өзгерген жағдайда)
- Үкәлілетті органдармен 2023 жылға 4,883 тенге мөлшерінде тарифтік сметасы мен тарифі бекітілді.
- 2023 жылдың тарифтік сметасында мыналар ескерілген: - электр энергиясы транзиті көлемі — 1 069 млн.кВт*сағат, нормативтік ысыраптар — 155 млн.кВт*сағат немесе 14,60%; - жөндеу жұмыстары — 311 млн.тенге, оның ішінде: - 46 млн.тенгеге — 355 шақырым электр тарату желілері мен 44 дана қосалқы станцияларға ағымдағы жөндеу жұмыстарын



ҚР чемпионаты аясында Сыр өңірінде «Ұлттық киім – ұлт ажары» атты облыстық ұлттық киімдер байқауы ұйымдастырылды. Мәдени-танымдық маңызы бар іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов және ҚР «Бәйге» федерациясының президенті Қанат Көпбаев қатысты.

Фазиза ӘБИЛДА,
«Сыр бойы»



“Ұлттық киім – ұлт ажары”

Мемлекет басшысы маңызды бір жиында «Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алады. Ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Ұл-қыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында не болмаса басқа мерекелерде ғана емес, күнделікті киіп жүрсе жарасымды болар еді» – деген болатын.

Ұлттық киімдер байқауына 50-ден астам қыз-келіншек қатысты. Ұлттық нақышқа сай ою-өрнектермен көмкерілген зерлі шапан, етек-жені желбіреген кең көйлек, қынама бел камзол, күнделікті киіп жүрсе жасарымды болар еді» – деген болатын.

Ел назарына ұсынылған ұлттық киімдердің дәстүрімізге сәйкестігі, ою-өрнектің мән-мағынасына сай лайықты орналасуы, сонымен бірге, шеберлік еңбектің денгейі шығармашылық көзқарас тұрғысынан бағаланды.

Байқау бағамында 1 миллион теңге жұлде қорын ұсынған болатын. Бұл орайда І орынды жеңіп алған Айгерім Әділбаева 500 мың, ІІ орын иегері Ақерке Жақыпова 300 мың, ІІІ орын жүлдегері Қарлығаш Ильясова 200 мың теңге қаржылай сыйлықтармен марапатталса, 100 мың теңге көлеміндегі

ынталандыру сыйлығы Көркемай Ақбисенова және Кәмшат Дастанова сынды қатысушыларға табысталды. Байқаудың мән-мазмұны туралы қазылар алқасының төрайымы, Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыкалық колледжінің директоры Ұлжан Байбосынованың пікірін білген едік.

– «Ұлттық киім – ұлт ажары» атты байқау аймағымызда алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Десек те аты айтып тұрғандай, бұл іс-шараның тарихи-мәдени, тіпті рухани-танымдық маңызы зор. Қазіргідей жаһандану кезеңінде төл мәдениетімізді, дәстүр құндылығымызды, жалпы ұлттық табиғатымыздың жойылып кетпей, өз денгейінде сақталып қалуына осындай іс-шараның өсері мол. Әсіресе, өскелең ұрпақ өзгеге еліктемей, өзміздің ұлттық ерекшелігімізді танып-біледі.

Байқау шартына келсек, біріншіден, жас ерекшелігі, одан кейін тарихи кезеңге және өнерлік ерекшелікке байланысты, сосын заманауи үлгідегі әзірленген киімдердегі дизайнерлер еңбегі сараланып отырса, насихаттық денгейі ұлғая түсер еді. Қорыта айтқанда, байқауды әрі қарай дамытып, алдағы уақытта тым болмаса, екі жылда бір рет өтетіндей жағдай жасалса, идеологиялық тұрғыда тәрбиелілік ықпалы зор деп ойлаймын, – дейді Ұ. Байбосынова.

«Алғыр» алған аламан



Осылай қазақтың жылқы түлігіне зауал төнген заман да өтті. Бірақ жылқы мен қазақтың рухани-тұрмыстық байланысы үзілген жоқ. Бағзыдан келетін дара дәстүр, сара сайыс жанғыра түседі. Міне осы ізгі үрдісті үнемі насихаттап келетін Сыр еліне жаңа тұрпатты ат жарысының бастау алуы заңдылық іспетті.

Облыс әкімі де жүйрік жаратып, ат баптау ұлттық рухани болмысына, әдет-ғұрып мәдениеті мен өнердің тұтас бір бөлігіне айналғанын атап өтті.

– Кейінгі жылдары аймақта ұлттық спорт түрлері бұқаралық сипат алып келеді. Бүгінде облыста 16 мыңнан астам адам ұлттық спортпен шұғылданады. Спортшыларымыз өткен жылы Қазақстан Республикасы чемпионаты мен кубоктарында, Әлем және Азия чемпионаты мен кубоктарында жеңіп алған медаль санымен кейінгі бес жылдықтағы рекордты жаңартты. Бүгінгі республикалық бәйге жарысы да Сыр өңірінің мерейін асырып, ұлттық спорттың өркендеуіне жаңа серпін беріліп отыр. Төзім мен жігер, қайрат пен мінез сыныға түскен бәйгеде тұлпарлардың таяғы талмасын. Шабандоздарға жеңіс тілеймін, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, салтанатты шараларда сөз сөйлеген ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов ұлттық спорттың өркендеп, дамуы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында екенін тілге тиеді.

– Қазір ұлттық спортты дамыту – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты. Оған Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ерекше көңіл бөліп отыр. Осы орайда бұл ұлттық спортты қасиби және бұқаралық бағытта дамытуды қолға алдық.



Ел аумағында ұлттық спорт түрлерін жанғырту үшін көптеген жарыстар ұйымдастырудамыз. Оның ішінде, ат спортының орны бөлек. Осы жылдан бастап көкпар ойындарын футбол түріне лайықтап өткіземіз, яғни, «Жоғары лига», «Бірінші лига» және «Екінші лига» форматы енгізілді. Келесі жылы V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны Қазақстанда өтеді. Бұл – біз үшін мерейлі мәртебе әрі зор жауапкершілік. Бүгінгі жарыс – алдағы Көшпенділер ойынына дайындық іспетті, – деді И.Төлеубайұлы.

Сонымен қатар, ҚР «Бәйге» федерациясының президенті Қанат Көпбаев жарысқа қатысушыларға абырой тілеп, бәйгенің маңызын баян етті.

– Ат спорты, соның ішінде бәйге – халқымыздың ежелден келе жатқан ең қадірлі дәстүрі. Жалпы, ат баптап, аламанға коосу салты – қанымызда бар. Атабабымыздан мұра болып қалған мәдениеттің, спорттың, қасиеттің түрі және асыл қазынамыз. Ал

оны қолдап дамыту және насихаттау бізге парыз. Ендіше бүгінгі жарыста бақ пен бап сынаған азаматтарға сәттілік тілеймін, – деді К.Шоқанұлы.

Жарысқа Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Абай, Жетісу, Түркістан, Ұлытау облыстарынан 150-ден астам сәйгүлік қатысты. Бәйге басталар алдында ел ағасы Кабылбек асқарал дәстүрге сай ақ батасын берді.

Осы бір думанды шақта сазгер Шыңберген Сүлейменовтің:

– Құлағың тұр қайшылап қазанаттарын.

Бақ пен бабы сай келсе озады аттарын.

Ал бұйыртып бәйгенің алдынан келсе,

Көкке лақтыр беркінді азаматтарын, – деп келетін «Бәйге» атты әні ерекше шырқалды. Дегенде, ең алғашқы 8 шақырымдық құнан бәйгенің жүлдегері мен жеңімпаздары беркін көкке алғаш онып лақтырды. Қаршадай баланың алып тұлпардың үстінде именбей жүйіткі талайды

сүйсіндірді. Шаң мен желдің, жан-жақтан қысқан аттар мен айқай-шуға толы сәт шабандоздардың сыналар шағы. Бәйге барысында сынан сүрінбей өтіп, мәреге жеткендердің қуанышында шек болмады. Жүлделі 5-орын Асылбек Абылқалық (Жамбыл), 4-орын Сұлтан Ақмолдағ (Жамбыл), 3-орын Думан Ермаулетовке (Алматы), 2-орын Бағжан Айдаралыға (Жамбыл), 1-орын Абзал Тұрғанбекке (Алматы) бұйырды.

Ал 14 шақырымға ұласқан топ бәйгеде топжарғандар да осал болмады. Мұнда 5-орынды Қуаныш Ермаулет (Қызылорда), 4-орынды Қуат Әділқас (Алматы), 3-орынды Арнұр Саматұлы (Алматы), 2-орынды Думан Ермаулетов (Алматы), 1-орынды Арнат Мұратхан (Алматы) иеленді.

Әр айналым сайын тұлпарлардың аяқалысы көрініп тұрды. Шабысына шабыс қосып, алға шыққандары, көш басына шығып шаң қапқандар да жетерлік. Бәйге тартысқа толы аламан алаңы. Тек бабы мен бағы қатар шапқандар ғана үздік атаған алды. Көрермендердің көптен күткен 21 шақырымдық аламан бәйгесінен тек бесі биік тұлпарлар ғана өзгелерден оқ бойы озып шықты. 5-орынды Болат Нұрәлі (Алматы), 4-орынды Бекзат Дидеқан (Алматы), 3-орынды Нұрмуқан Дильнур (Алматы), 2-орын Абзал

Тұрғанбек (Алматы), 1-орынды Нұрбол Токтағанның «Алғыр» атты арғымағы (Астана) иеленді.

Бәйгенің жалпы жұлде қоры – 35,6 млн теңге. Аламан бәйгенің жеңімпазына «Astana Motors» компаниясының демеушілігімен автокөлік берілді. Бәйге өте жоғары денгейде өтіп, халықтың көңілін көтерді. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атанған шабандоз Нұрбол Токтағанға бас серіктес – Хюндай компаниясы өкілі темір тұлпардың кілтін ұстатты. Сонымен бірге, барша жеңімпаздар мен жұлделі орын иегерлеріне серіктестер атынан қаржылай сертификаттар мен дипломдар табысталды.

– Делебенді қоздырған доланың ортасында болғанда қазақ болып туғанына қуанағын, кеуденді ерекше шаттық билейді. Арғымақтар мәреге жақындаған сайын құйка етін шымырлайды. Ыстық жас та ытқып кетеді. Осындай кикүлаған халықты көріп біздің ұлттық спортшымыздың болашағы жарқын екендігіне еш күмәніміз жоқ. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз, – дейді ақын Ерженіс Әбді.

Бәйге барысында көрермендер арасында бағалы сыйлықтар ұтысы ойналды. Осы уақытта Ипподром алаңында жұртшылық жиналып, бір спортты, қол күресі, арқан тарту жарыстары ұйымдастырылып, жеңімпаздары мен жұлделері ақшалай сыйақы иеленді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі күйші Асылбек Еңсепов өнер көрсетіп, көптің ықыласына бөленді. Сонымен бірге облыстық филармония әншілері де осы іс-шараның көркіні келтірді.

Бұл бәйге қазақтың жеті қазынасын бір түгелдеп бергендей болды. Соның ішінде сұлу жар мен текті тұлпардың орны ерек. Қазақ тарихында да ел қорғаған атақты батырлармен бірге олардың ерекше қасиетке ие тұлпарлары қатар айтылады. Әсіресе, осындай сөйтуліктердің есімдері естостарда, тарихи жырларда, ел аузында және жер атауларында жиі кездеседі. Мұндай аттарды қалыптатп жерлеген. Айталық, Қобыландының Тайбұрылы, Алпамыстың Байшұбары, Қамбардың Қаракаскасы, Қабанбайдың Қубасы, Бөгенбайдың Қызыл аты, Ақанның Құлагері, Тілеулі батырдың Кез құлағы, Бармақ батырдың Сандалқоғи, Исатайдың Ақтабаны, Амангелді батырдың Шалқаскасы, Кейкі мергеннің Кераты, Қарабектің Қарасы, Қамыстың Шұбары, Ерқосайдың Торысы, Сегіз серінің Бозжорғасы деп жалғаса береді. Қысқасы, бар өнерін, әдет-ғұрып, тұрмыс-салтын ат үстінде жүріп жасаған қазақтың аттестіктік қабілеті дәуірлерден дәуірлерге жануар үрдісімен жалғаса түсері сөзсіз.

Хабарландыру

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылында орналасқан «Мәди Қажы атындағы» ЖШС-гі қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының 2023 жылғы 2 сәуірдегі №01 шешімін жарамсыз деп тану туралы және тағы басқа мәселелер бойынша құрылтайшыларының арасындағы корпоративтік дау бойынша талап арыз берілді (судья А.Әбілқайысқызы).

ҚР АПК-нің 51-бабына сәйкес серіктестік құрылтайшылары үшінші тұлға ретінде тартылуға жататындықтан, азаматтық сотқа, егер іс тараптардың біреуіне қатысты олардың құқықтарына немесе міндеттеріне әсер етуі мүмкін болса, бірінші сатыдағы сот іс бойынша шешім шығарғанға дейін талап қоюшының немесе жауапкердің жағнаға процесске кірісе алады.


Осыған орай, серіктестік қатысушылары аталған азаматтық іс бойынша талаптарын дербес мәлімдемейтін үшінші тұлға ретінде азаматтық іске тартылғандықтан процесс қатысуға құқылы.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №29, байланыс телефоны: +7 (7242) 55-98-51, 8 705 952 65 65.

Хабарлама беруші: «Мәди Қажы атындағы» ЖШС. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылы, Ж.Құттыбаев көшесі, №2, байланыс телефоны: 8 776 670 62 33, 8 705 733 90 50.

(БСН 040440019227 Сырдария ауданының Әділет басқармасында 2004 жылдың 11 сәуірінде тіркелген)

Простатит, аденома, несеп шығару қызметінің бұзылуы, импотенция, бедеулік?!



Армисыздар, құрметті оқырмандар! Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 40 жастан асқан ер адамдардың басым бөлігінде урологиялық аурулар бар. Простатит, простата аденомасы, уретрит, кіші дәретшің жиілігі, белсіздік сынды аурулар егде жасқа жеткен ер азаматтарда ғана емес, сонымен қатар жастар арасында да белсін орын алады.

Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұқпалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық тигізуге, кіші жамбас мүшелеріндегі қан айналымының бұзылуына, сирек немесе бей-берекет жыныстық қатынаста түсуге байланысты болады. Қуықасты безі қабынып, осы арқылы өтетін несеп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тегеңсіз, зәр толыққанды шықпай, несеп қалтада зәрдің қалдықтары қалып қоя береді. Толық босатылмаған қалдық зәр қайта зәр сындыруға шақырып, дәрет арасы жылғайды. Мұның барлығы жайсыздық пен кіші жамбас аймағындағы ауырсынуға ұласады. Уақыт өте келе жыныстық қызметің бұзылып, ерлер күш-қуатыңның әлсіздігіне әкеліп соғады.

Емделуді кейінге шегерме, ер адам өзінше үлкен қауіп төндірмей, өйткені ауру асқын кезеңіне түскенде, мәселен хирургиялық шешімге тура келеді. Операциядан кейін 100% оң нәтиже бере бермейді. Оған қарамастан егде жас қарсаңында адамдар үшін қауіпті, себебі жүрек-қантамыр жүйесінің қоры азайып, ағзаның имундылық жүйесі әлсірейді. Егер де сіз, өз бойыңызда қуық асты безінің ауру белгілерінің пайда болуын байқасаңыз, дереу көмекке жүгінуіңіз қажет. Мысалы: зәр шығарудың бұзылуы, еркектік әлсіздік, ауырсыну белгілері, уретралды каналдың қысылуы. Соқрат айтқандай «Денсаулық - барын емес, бірақ «барын» денсаулықсыз маңызды емес». Бақытымызға орай, қазірдің өзінде урологиялық ауруларды емдеуге арналған Израиль технологиясымен әзірленген «Уроформен» парафармацевтикалық сапасы дәлелденген, күшті препарат бар. Уроформен - қабылдаудың алғашқы кезеңінде-ақ, жыныс безіндегі, несеп жолындағы қабыну процесінің қоздырғыштары болып табылатын бактериялар мен микроағзаларды шығарып, простата безінің қабынуы мен ісінуін тоқтатады. Нәтижесінде несеп шығару процесі жақсарып, ауырсынуы жоюды. Сонымен қатар, Уроформен жыныс бездерінің жұмысын жақсартады. Ал, ол өз кезегінде ерлердегі жалпы күш-қуат беретін тестостеронды қажетті мөлшерде бөліп шығарып, ерлерде кездесетін жыныс әлсіздігін жоюды. Осылайша, күрделі процестің арқасында Уроформен бүкіл несеп-жыныс жүйесінің жұмысын қалпына келтіреді.

Мына телефон арқылы кеңес алып «Уроформен» препаратына тапсырыс бере аласыз: **8 705 926 37 98** немесе **uroforman.kz** сайты арқылы. Тегін жеткізу қызметі бар.



Оразбаев Муратхан Орал қаласы

Сәлеметсіздер ме! Жақында ғана мен простатитті емдеуге арналған «Уроформен» деп аталатын дәрі сатып алдым. Оны қолданғаннан кейін осы препаратқа қатысты мақсат бір пікір пайда болып, сіздермен бөлісуді мен көрдім. Адаммен сіздерге ауруым туралы қысқаша айтып өтейін. Мені бірнеше жыл бойы простатит ауруы мазалап келді, көбіне ауру қыста асқыншы кететін. Шап айымада және зәр шығару кезінде ауырсынулар пайда болып, үнемі ыңғайсыздық мазалайтын болды. Осы уақыт аралығында қанша дәрі қабылдап көрдім. Кейбір дәрі-дәрмектерден пайда болды, бірақ өкінішке орай әсері ұзаққа созылмады. Ал «Уроформен» қабылдағаннан 2 ай болды. Осы препаратты қабылдағаннан нәтижесінде ауруым барлық белгілері кетті. Қазір өзімді жақсы сезінемін. Осыған дейін мазалаған ыңғайсыздық та сезілмейді және төсек қатынасы да қалпына келді. Айтарым, осы өнімге толықтай көңіліңіз толды. Баршаңызға зор денсаулық тілеймін, сау болыңыздар!

Құрамындағы негізгі белсенді заттар: препараттың құрамында химиялық компоненттер жоқ. Дозасы және қабылдау әдісі: қабылдау ұзақтығы 1 айдан жоғары. Барсы көрсеткіштер: компоненттерге жеке тәуірлік.